

**«Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ  
бойынша мектепшілік бақылауды талдау  
2022-2023 оқу жылы**

Мектепшілік бақылау – талдау және мақсат қою функцияларымен тікелей байланысты маңызды басқару функцияларының бірі.

**Мектепшілік бақылаудың (МБ) мақсаты:** Қазақстан Республикасының Білім туралы заңының, нормативтік құжаттардың, педагогикалық кеңестің бұйрықтары мен шешімдерінің орындалуын бақылау, педагогикалық қызметкерлердің қызметінің нәтижелерін талдау және сараптамалық баға беру. Оқу үрдісін ұйымдастырудағы жағымды және жағымсыз тенденцияларды анықтау және бақылау үрдісінде әдістемелік көмек көрсетіп, озық педагогикалық тәжірибені тарату.

**Міндеттері:**

- білім саласындағы заңнаманың орындалуын бақылауды жүзеге асыру
- мектептегі оқу-тәрбие жұмысының жағдайы туралы толық және жан-жақты ақпарат алу.
- мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру.
- мектептегі білім сапасын арттыру.

**Бақылау түрлері:**

- тақырыптық
- ағымдық
- жан - жақты

**Мектепшілік бақылаудың маңызды қызметі** мұғалімге педагогикалық шеберліктің осуіне ықпал ететін әдістемелік көмек көрсету болып табылады. Сондықтан бақылауды жоспарлау және жүзеге асыру ғана емес, белгілі бір проблемалар туындағанда оны шешу маңызды. Мектепшілік бақылау 8 бағыт бойынша жүзеге асырылды.

**I. Нормативтік құжаттардың орындалуын бақылау**

Нормативтік құжаттардың орындалуын бақылау барысында ҚР заңының нормативті- құқықтық құжаттары орындалуын, білім беру саласындағы заңнамаларды сақтау барысы, тәрбие жүйесінде басшылыққа алынатын заңнамаларды орындауы қадағаланды.

Білім беру процесін ұйымдастыру кезінде білім беру ұйымы "Білім туралы"," Педагог мәртебесі туралы "Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алады және оқу процесін мынадай нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырады:

- ✓ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;
- ✓ «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2012 жылғы 8

карашадағы № 500 бұйрығы) өзгерістермен 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығы;

- ✓ «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы) (өзгерістер енгізілген);
- ✓ «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы);
- ✓ «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы);
- ✓ Оқу процесін ұйымдастыруда «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу – тәрбие процесін ұйымдастыру ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты пайдаланылды.
- ✓ "Педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" ҚР БҒМ міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы №272 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы " (ҚР БҒМ 02.04.2020 ж. № 125 бұйрығы);

- ҚР ДСМ 5.08.2021 ж. № ЖЖМ -76 бұйрығымен бекітілген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 31.03.2022 № ҚР ДСМ-31 өзгеріс енгізілді)

№	Бағалау өлшемдері	Жүргізілген жұмыс:	Балл
1	«Жалпы оқыту» бағдарламасын жүзеге асыру	Аумақтағы балаларды мектептің тізіміне енгізу. Оқушыларды тізімдеу	3
2	Жалпы оқытуды орындау	Аумақтағы барлық балалардың білім алуын қамтамасыз ету; Отбасының әлеуметтік жағдайын бақылау бойынша сынып жетекшілердің жұмысын бақылау.	3
3		«Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру	3
4	Еңбекпен қамту	9,11 сынып түлектерінің жұмыспен қамтылуын қадағалау және ұйымдастыру	3
5	Ауру және дамуында кідіріс бар балалардың оқуын ұйымдастыру	Инклюзивті білім алушылардың білім алуын қамтамасыз ету, Үйде оқитудың ерекшеліктерімен мұғалімдерді таныстыру және әдістемелік көмек көрсету.	3

6	Аз қамтылған отбасынан шыққан балалармен жұмыс	Аз қамтылған отбасынан шыққан балаларға көмек көрсету, сынып жетекшінің жұмысының барысы.	3
---	--	---	---

**II. Талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау**

Оқу жылының басында қауіпсіздік техникасы бойынша мектеп қызметкерлеріне, оқушыларға кіріспе нұсқаулық беру бойынша пән мұғалімдерінің кабинет және сабақтағы техника қауіпсіздік жүргізу журналын тексерілді. Барлық журналдар тігілген және нөмірленген. Оқушылардың нұсқаулықпен танысқандығы туралы қолтаңбалары қойылған.

Мектепшілік құжаттардың жүргізілуін бақылау:

Мектептің құжаттарын жүргізу бекітілген номенклатура негізінде жүргізіледі. Бекітілген номенклатураға сәйкес құжаттардың жағдайын бақылау мақсатымен мектептің бекітілген номенклатурасы негізінде кітапханашы, іс- жүргізуші, тәрбие ісі орышбасары, шаруашылық жөніндегі орынбасары және медициналық қызметкердің құжаттары тексерілді. Барлық құжаттар істер номенклатурасы негізінде нөмірленіп жүргізіледі. Осы номенклатура негізінде жүргізілетін құжаттар жоспар бойынша бақыланып отырды. Оның ішінде оқушылардың іс- қағаздарын жүргізу, оқушылардың қозғалысын реттеру бойынша келген және кеткен оқушылардың құжаттары, алфавиттік кітап, оқушылардың үлгерімін тіркеу бойынша журнал, негізгі орта және жалпы орта білім беру аттестаттарын беру журналы, оқушыларды мадақтау бойынша мадақтамаларды тіркеу журналы жүргізіледі. Мұғалімдердің күнтізбелік- тақырыптық жоспарларының бекітілген пәндік бағдарлама негізінде жасалуы тамыз айында бақыланды. Пән бойынша курс, факультатив, үйірме және секция жоспарлары тамыз және қаңтар айларында тексеріліп бекітілді. Мұғалімдердің күнделікті сабақ жоспарлары тексеріліп, ұсыныстар беріліп отырды.

Құжаттарды жүргізуге электронды журналды жүргізу де жатады. Электронды журналды толтыру бойынша мониторинг күнде, алта және ай сайын жүргізілді. Мұғалімдердің оқушылармен кері байланыс жасауы бақыланды.

Сондай- ақ оқушылардың дәптер бойынша дәптер және күнделік жүргізулері талаптарға сай болуы бақыланды. Пәндер бойынша дәптер жүргізу талабы №1 педагогикалық кеңесте бекітілді. Сол талап бойынша барлық оқушылардың пән бойынша дәптерлерінің нормаға сай болуы бақыланды. Дәптерді тексеру мұғалімдердің сабақта әр түрлі жұмыс түрлерін қолданатынын, үй тапсырмасының көлемі мен мөлшері сәйкес келетінін көрсетті. оқушылардың нормасы мен жасына сәйкес келеді. Дәптерлерді тексеру барысында мынадай кемшіліктер анықталды: кейбір оқушылар абайсызда жазып алады және қателермен жұмыс жасамау, үй тапсырмасын орындау, сабақта жазбаларды толық жазбау. Мұғалімдердің үлгерімі төмен оқушылармен жұмыстарды жеткіліксіз орындауы байқалды.

2-11 сынып оқушыларының күнделіктерін тексеруге көп көңіл бөлінді. Оқушылардың жүргізуге қойылатын талаптарды орындайды күнделіктері, ата- аналардың қолдары бар, сынып жетекшілері бақылауды дер кезінде жүзеге асырады. Кейбір оқушылардың күнделіктерінде жалпы білім беретін сыныптар,

әсіресе 7, 9 сыныптарда бірқатар бұзушылықтар анықталды: күнделіктердің бірінші беттері толтырылмаған, жүйсілік болмаған. Физикалық бақылау ата-аналар тарапынан да, сынып жетекшілері тарапынан да жүргізіледі.

Жүргізілген барлық бақылау бойынша қорытынды анықтама жасалып, ұсыныстар мен ескертулер берілді. Жүргізілген бақылау бойынша нәтижелер директор жанындағы кеңес, педагогикалық кеңес отырыстарында талқыланды.

№	Бағалау өлшемдері	Жүргізілген жұмыс:	Балл
1	Нормативтік құқықтық құжаттар	Педагогикалық кеңестерде, әдістемелік кеңестер мен бірлестіктерде нормативтік - құқықтық құжаттармен танысу жөнінде отырыстар өткізу, күнделікті жұмыста қолдану жұмыстары жүргізіледі.	3
2		Пән, үйірме, курс және факультатив сабақтар бойынша күнтізбелік- тақырыптық жоспарды құру және бекіту жұмыстары өтеді.	3
3		Оқушылардың жеке іс- қағардарының 6.04.2020 жылғы №130 бұйрық негізінде рәсімделуі бойынша тексеру жұмысын жүргізу.	2
4	Нормативтік құқықтық құжаттар	Мұғалімдердің күнделікті сабақ жоспарының жүргізілуі бойынша тексеру және әдістемелік көмек көрсету жұмыстары күнде өтеді.	2
5	Электронды журнал	Kundelik.kz электронды журналының талаптарға сай жүргізілуі бойынша отырстарда талқылау, әдістемелік көмек көрсету. Жұма сайын толтыру мониторингін жүргізу.	2
6	Алфавиттік кітаптың жүргізілуі	Алфавиттік кітапқа оқушылардың барлығы енгізілген, жаңадан келген оқушылар алфавит реті бойынша кітапқа енгізіледі.	3
7	Кіріс - шығыс құжаттары	Кіріс және шығыс құжаттарын тіркейтін журнал бар, барлық құжаттар осы журналға тіркеледі.	3
8	Оқушылардың күнделіктірінің жағдайы	Ай сайын оқушылардың күнделіктерінің жағдайы тексеріледі, тексеріс барысы бойынша анықтамалар жасалады, ұсыныстар мен ескертулер жасалып, сынып жетекшінің бақылауында болып, жойылады.	2
9	Оқушылардың пәндер бойынша дәптерлерінің	Пәндер бойынша дәптерлерді жүргізу талаптары бар. Оқушылардың дәптерлерінің жүргізілуімен рәсімделуі мұғалімдердің	2

	жағдайы	назарында. МІБ жоспарына сәйкес ай сайын пәндер бойынша дәптерлер тексеріліп, тексеріс нәтижесі бойынша анықтама жасалады.	
10	ТЖБ құжаттарының жүргізілуі	Бөлім және тоқсан бойынша жиынтық бақылау жұмыстары әзірленіп, ЭБ талқыланып, мектеп директорымен бекітіледі. Бекітілген кесте бойынша жүргізіледі. БЖБ, ТЖГ жұмыстары 1 жыл сақталады.	3

### III. Оқу процесінің сапасын бақылау

Баланың сапалы білім алуын бақылауда ең алдымен жалпы оқытуды бақылауды ұйымдастыру болды. Оның негізінде 6 жасқа толған оқушылардың барлығын мектепте оқытуды ұйымдастыру жүргізілді. Мектеп оқушыларының тізімі жасалды. Отбасының әлеуметтік жағдайын бақылау бойынша сынып жетекшілер жұмыстар жүргізді. «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылды. 9,11 сынып түлектерінің еңбекпен қамтылуы бақылауда болды. Арнайы орта және жоғары оқу орындарына оқуға түскен оқушылардың анықтамалары жинақталды. Аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушыларға көмек көрсетілді. Олар тегін ыстық тамақпен қамтылу тізіміне енгізілді. Кесте бойынша оқушыларды жылдық дәрігерлік тексеруден өткізілді. Жүргізілген тексеріс бойынша қорытынды есептер мен анықтамалар жасалды.

Жалпы сыныптық бақылау- бір сыныптың оқу үрдісінің жағдайын бақылау. Осы бақылау негізінде сыныптың сабақтарда белсенділігі, өзара қарым- қатынас оқушы – мұғалім - ата - ана- мектеп, даму деңгейі бақыланды. Ағымдағы оқу жылында жалпы -сыныптық бақылау 1, 5, 10 сыныптарда, мектепке, сыныпқа бейімделу кезеңінің өтуін бақылау, 4,8,7 сыныптарда білім алушылардың білім, білік, дағдыларын зерттеу мақсатында, 9,11 сыныптарда қорыныды аттестацияға дайындықты зерттеу мақсатында жүргізілді.

Жалпы - сыныптық бақылау барысында сыныптардың сабақтарына қатысып оқушылардың ынтасы, белсенділігі, сабақты жүргізу сапасы анықталды, білім деңгейін анықтауда бақылау жұмыстары алынды. Бақылау нәтижелері бейімдеу процесін 1, 5, 10 сынып оқушыларының мектепке оң динамикасын көрсетті. 1,5 сынып оқушыларының бейімделу кезеңінің қысқарғанын көрсетті.

Жалпы – сыныптық бақылау барысында 9, 11 сынып оқушыларының негізгі пәндер бойынша деңгейі тексерілді 9, 11 сыныптарда деңгейді анықтау мақсатында білім алушылардың тәрбие, білім беру дайындығы, қалыптасуын ынталандыру, сынып ұжымының қалыптасуы, проблемаларды анықтау жолдары мен түзету, қорытынды аяқтау сәтханға дайындық деңгейі бақыланды.

Пәндерді оқыту сапасын бақылау.

2022-2023 оқу жылында 1-11 сыныптарда пәндерді оқыту сапасын бақылау мақсатында сабаққа қатысу, әкімшілік бақылау жұмыстарын алу, мектепшілік семинарлар ұйымдастыру, озат тәжірибені тарату жұмыстарын ұйымдастыруды

бақылау жүрді. Пәндерді оқытудың жай-күйін бақылау үшін сабаққа қатысу жоспары жыл басында бекітілген болатын. Сабақтарға қатысу барысында:

- Сабақты жоспарлау және жүргізу;
- Сабақтың оқу бағдарламасының мазмұны мен оқу мақсаттарына сәйкестігін бақылау
- Сабақта цифрлық білім беру ресурстарын тиімді қолдану
- пән бойынша олқылықтарды жою жұмыстарын бақылау
- сабақтағы дарынды оқушылармен жұмыс
- үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты ұйымдастыру,
- сабақта белсенді әдіс – тәсілдерді қолдану
- оқушылармен кері байланыс жүргізу
- ҚБ тарсырмаларының берілуі
- Пәнаралық байланысты ұйымдастыру
- сабақ мақсаттарының оқу мақсаттарымен байланысы бақыланды.
- Оқушылардың сабақтағы ынтасы мен белсенділігі

Әр сабаққа қатысу бойынша қатысу парағы толтырылады және сабақтан соң әр мұғалімге ұсыныстар беріледі.

Сапалы білім беруді ұйымдастыруда пәндер онкүндігінің, мектепшілік семинарлардың ұйымдастырылуы бақыланды. Әр семинар мен онкүндіктерде ашық сабақтар, түрлі сайыстар өткізілді. Барлық іс-шаралар бойынша қорытындылар мектептің әлеуметтік желілерінде жарияланды.

Оқушыға сапалы білім беруді ұйымдастырудың бірден – бір жолы жас мамандардың тәлімгермен жұмысын ұйымдастыру. Тәлімгерлер жас мамандармен іс-тәжірибемен бөлісу жұмыстарын жүргізді. Оның ішінде дөңгелек үстелдер ұйымдастыруда әдістемелік кеңес жүргізу болды.

№	Бағалау өлшемдері	Жүргізілген жұмыс:	Балл
1	Жаңартылған білім беру мазмұның енгізуі	Білім беру сапасын жаңарту, сабақта тиімді әдіс – тәсілдерді қолдану, БЖБ, ТЖБ құрастыру.	2
2	Пәндерді оқыту сапасы	Оқушылар мен ата – аналардың білім беру процесіне қанағаттануы, сабақты өткізу сапасы бойынша сауалнама, мұғалімдердің сабақтарына қатысу арқылы сапалы білім берудегі қиындықтарды анықтап, әдістемелік көмек көрсету.	2
3	Білім сапасы	Білім сапасын арттыру мақсатында сапалы сабақ өткізу жолдарын қарастыру, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру, әкімшілік бақылау жұмыстарын ұйымдастыру	2
4	Сабаққа қатысу	Қалыптастырушы бағалау бойынша тапсырмаларды сабақта тиімді қолдану, дескрипторлар бойынша оқушылардың жұмысын ұйымдастыру, критерийлер бойынша оқушылардың білімін бағалау.	2

5	Озат тәжірибені тарату	Ашық сабақтар, мектепшілік семинарлар ұйымдастыру, әдістемелік нұсқаулықтарын тарату жұмыстары жүргізілуде.	1
6	Семинарлар	Мектепшілік және аудандық семинарлар ұйымдастырылып өткізілуде.	3
7	Тәлімгерлік жұмыс	Жас мамандармен әр түрлі жұмыстар жүргізілуде. Тәлімгерлер іс – тәжірибемен бөлісу семинарын өткізіп, жас мамандарға жоспар құру, сабақты жоспарлау, БЖБ, ТЖБ құрастыруда көмек көрсетуде.	3
8	Дарынды оқушылармен жұмыс	Пәндер бойынша дарынды оқушыларға қолдау көрсету жұмыстары көрсетілуде. Пән бойынша және спорттық сайыстарға оқушылар жиі қатысады. Мектепшілік және аудандық байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болуда.	2
9	Мотивациясы төмен оқушылармен жұмыс	Пән мұғалімдері үлгерімі төмен оқушылармен қосымша жұмыстар жүргізуде. Қосымша тапсырмалар беріп, мектепшілік сайыстарға қатыстыруға тырысады.	2
10	Педагогтардың аттестациясы	Аттестациядан өтуге өтініш берген мұғалімдердің сабақтарына қатысып, байқау парақтары толтырылады. Мұғалімнің портфолиосын дайындауға әдістемелік көмек көрсетілуде.	3
11	Онкүндіктер ұйымдастыру	Ай сайыс МІБ жоспарына сәйкес пәндер онкүндігі өткізіліп тұрады. Пәндер арасындағы сабақтастық, сабақ өткізу сапасы, білім беру сапасы алдыңғы орынға қойылады.	3
12	ҰБТ дайындық	ҰБТ дайындық жоспары құрылып жоспар бойынша жұмыстар жүргізілуде. Байқау сынақтары өткізілуде. Қашықтық байқау сынақтары мен қашықтық сайыстар өткізілуде.	2
13	ББЖМ дайындық	ББЖМ дайындық жоспары құрылып, жоспар бойынша жұмыстар жүргізілуде. Пән мұғалімдері байқау сынақтарын өткізуде.	3
14	Білім беру бағдарламаларының жүзеге асырылуы	Пәндер бойынша білім беру бағдарламасының орындалуын бақылау.	3

#### IV. Білімнің олқылықтарын толтыру және төмен көрсеткіштермен жұмыс істеу бойынша жұмыстарды бақылау

2022 жылдың қыркүйек айында 2021-2022 оқу жылында төмен көрсеткіш көрсеткен ағылшын тілі, география және алгебра пәндерінің сабақтарына қатысу жүргізілді. Сабақтарға қатысуда

- формативті бағалаудың өткізілуін, педагогтің кері байланыс жасауын, пән бойынша олқылықтарды жою жұмыстарын бақылау
- Сабақты жоспарлау және жүргізу.
- оқыту үдерісі мен заманауи оқыту мазмұнын жаңарту мақсатында сабақты өткізудің сапасы.
- сабақтың оқу бағдарламасының мазмұны мен оқу мақсаттарына сәйкестігі.

Сабаққа қатысу барысында сабақ мақсаттары оқу мақсаттары негізінде құрылатыны және күтілетін нәтижемен тығыз байланыстығы анықталды. Сабақ мақсаты оқу мақсаттарына сай, оқу мақсаттары оқу бағдарламасынан алынған, формативті баға жоспарланған, ұсынылған ақпарат сабақ мазмұнына сай келеді, оқу әдістері жоспарланған, мұғалім мен оқушының әрекеті анық жоспарланған. Сабақ мақсатын және күтілетін нәтижені қоюға оқушылар үнемі тартыла бермейтіні де анықталды. Алдыңғы сабақтағы ақпаратты қайталай отырып жаңа сабақтар түсіндіріледі және бекіту тапсырмалары орындалады. Мәтіндерді оқып, проблеманы анықтап, сұрақтарға жауап беруде дәлел келтіре білу сияқты тапсырмалар орындалады. Сын тұрғысынан ойлау, тіл мәдениетін дамыту, логикалық ойлауды дамыту мәселелеріне көңіл бөлінеді. Оңайдан қиынға қарай тапсырмалары орындалады. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыстар кей сабақтарда жүргізіледі. Қалыптастырушы бағалау жүргізу үшін арнайы тапсырмалар берілмейтіні анықталды, бағалау критерийлері көп жағдайда қойылмайды. Сабақтарда оқушылармен кері байланыс жүргізіліп отырады. Формативті бағалау тек сабаққа қатысу бойынша ғана қойылады. Сабақтарды өткізуде әдіс – тәсілдер көп қолданылмайтыны анықталды. Сабақтар дәстүрлі түрде көп өткізіледі. Оқушылардың тіл мәдениетін дамытуға және оқу сауаттылығын дамытуға тапсырмалар көп қолдануға ұсыныс берілді.

Осы мақсатта:

- қосымша сабақтар жүйесін ұйымдастыру;
- сынып жетекшілерінің тәуекел тобының оқушыларымен және олардың отбасыларымен жұмысы;
- білім беру тәуекел тобындағы оқушылардың сабақтарына және қосымша сабақтарына қатысуы;
- жұмыс және бақылау дәптерлерін жүргізу, оларды тексеру және жіберілген қателіктерді өңдеу бойынша мұғалімнің жұмыс жүйесін бақылау;
- Тоқсанда қанағаттанарлықсыз баға алған оқушылармен жеке жұмыс жоспарын құру және жұмыс жүргізу бақыланды.

*Қатысқан сабақтар көрсетті:*

- оқушылар оқу материалын меңгереді;
- Мұғалімдер оқытудың мақсатымен қатар, адамның әлеуметтік маңызды қасиеттерін (психикалық, эмоционалды-сенсорлық, мінез-құлық, коммуникативті, физикалық, шығармашылық) дамыту құралына айналады.

Бұл мақсатқа педагогикалық технологияларды қолдану және оқу міндеттерін таңдау арқылы қол жеткізіледі;

- мұғалімдер сабақта оқушылардың жеке қасиеттерін (ойлау, сөйлеу, ерік-жігер, адамгершілік, қарым-қатынас, т.б.) дамыту мақсатын қойып, мектеп пені арқылы жүзеге асырады;
- әртүрлі деңгейде үй тапсырмасын береді, бастамашылдық пен дербестікті ынталандырады, жеке оқу жетістіктерін көтермелейді, интуицияны, шығармашылық қиялды дамытатын тапсырмалар ұсынады. Оқушылар белсенді, ұйымшыл, мұғалімдер балалар ұжымын басқарады.

*Қатысқан сабақтарды таңдау бірқатар проблемаларды анықтады :*

- сабақта заманауи білім беру технологияларының жеткіліксіз пайдаланылуы (проблемалық оқыту, көп деңгейлі оқыту, зерттеу және жобалық әдістер, тіркес жазбалар әдісі және т.б.)
- сабақтың мақсаттары мен міндеттерінің анық қойылмауы;
- сабақта оқу және көрнекі құралдарды пайдалану деңгейінің төмендігі.

#### **V. Оқу-зерттеу қызметі**

PISA, PIRLS, ICILS, TIMSS, TALIS - Халықаралық зерттеулеріне дайындық бойынша іс-шаралар жоспары құрылған. Мұғалімдер, оқушылар және ата – аналар арасында жүргізілетін жұмыс жосқары құрылды. 17 қазанда «TIMSS, PISA, TALIS, ICILS, PIAAC және PIRLS халықаралық зерттеулеріне дайындық жұмыстары және зерттеу тапсырмаларының ерекшеліктері» тақырыбында мектепшілік семинар өтті. Семинардың мақсаты: халықаралық зерттеуі аясында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бойынша мұғалімдердің кәсіби құзіреттілігін дамыту. Семинарда ДӨТЖО Ж.Серғазықызы «Халықаралық зерттеу: дайындық жұмыстары және зерттеу тапсырмаларының ерекшеліктері» тақырыбында ақпараттық сессия жүргізу арқылы халықаралық зерттеулер туралы толықтай мағлұматтар беріп өтті. Мектеп тренері Дүкенбаева Н.В. «Функционалдық сауаттылық – білім сапасын жетілдірудің негізгі бағдары» тақырыбында коучинг өткізді. Мектеп директорының ОДЖО Смаилова С.К. мұғалімдерден «TALIS» сауалнамасын алып, түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

2022 жылдың 19 қазанында «Кітап – түпсіз терең қазына» тақырыбындағы мектепшілік ғылыми – практикалық конференциясы өтті. Конференция барысында 9-10 сынып оқушылары баяндама оқып, өздерінің ойларымен бөлісті. Баяндамашылар:

1. «Кітап – білім бұлағы» Арғынбекқызы Жансая – 9 сынып оқушысы.
2. «Болашаққа кітаппен» Балтабаев Дастан – 9 сынып оқушылары
3. «Оқуға құштар мектеп» жобасы Балкенова Д.А. – кітапханашы
4. «Кітап оқу – рухани баю» жоба Өмірұзақ Жібек, Құрман Құндыз – 10 сынып оқушылары. Мектептің кітапханашысы Д.А.Балкенова оқушыларға «Оқуға құштар мектеп» жобасының тиімділігі, қиындығы туралы айтып

берді. осы жоба бойынша біздің мектебіміздің жетістігі туралы да айтылды.

10 сынып оқушылары 5,6 сынып оқушыларының оқуға қызығушылығын арттыру жолдарын қарастыру бойынша бірнеше жоба ұсынды. Ол жобаларда оқушылардың жұптасып, топтасып оқулары қарастырылған. Оқу барысында талдау жүргізу, кроссвордтар шешу, ребустар құрастыру, кесте толтыру сияқты тапсырмалар беруді ұсынды. Конференция соңында 7,8 сынып оқушылары өздерін қызықтыратын сұрақтарын қойып пікір алмасты.

№	Бағалау өлшемдері	Жүргізілген жұмыс:	Балл
1	Бірінші сынып оқушыларының бейімделуі	Мектеп психологының жұмысы; Сабақтарға қатысу; Пән аралық байланысты нығайту; Өзін – өзі тану сабағында оқушылардың дамуына ықпал ету жұмыстары;	3
2	5,10 сынып оқушыларының бейімделуі	Мектеп психологының жұмысы; Сабақтарға қатысу; Пән аралық байланысты нығайту; Өзін – өзі тану сабағында оқушылардың дамуына ықпал ету жұмыстары;	3
3	Пәндер сабақтастығы	Пәндердің кіріктірілуі бойынша сабақтар ұйымдастыру; Сайыстар өткізу.	2
4	Мұғалімдердің жеке кәсіби дамуы	Пән бойынша кәсіби сайыстарға қатысу; Пән бойынша білім жетілдіру курстарына қатысу; Кесте бойынша уақытылы аттестациядан өтуді қамтамасыз ету.	1

## VI. Мұғалімнің шеберлік және әдістемелік дайындық жағдайының деңгейін бақылау

Білімдегі олқылықтарды толтыру үшін педагогикалық ұжымның жұмысын бақылау жүргізілді. Мектепте жұмыс істейтін мұғалімдердің барлығының арнайы педагогикалық білімі бар. Барлық мұғалімдер жоспарға сәйкес өз біліктілік деңгейлерін уақытылы көтеріп, бекітеді. Мектептің барлық мұғалімдері біліктілікті арттырудың перспективалық жоспарына сәйкес біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Оқу жылының басында әр мұғаліммен «Оқу -әдістемелік қамтамасыз етудің болуы, оқу жоспарларын білу, білім беру стандартының талаптары» тақырыбында сұхбат жүргізілді, күнтізбелік және тақырыптық жоспарлау әдістемелік бірлестік отырыстарында бекітілді. Жұмыс жоспарына сәйкес кіріс және аралық бақылау, қорытынды бақылау бойынша бақылау жұмысының кестелері құрастырылды. Оқу жоспарын әдістемелік қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізілді: мазмұны,

сабақтастығы талданды. Әдістемелік көмек көрсету мақсатында мұғалімдермен жүйелі түрде әңгімелесу жүргізіледі. Сонымен қатар облыс, ауданның әдістемелік қызметі аясында мұғалімдер семинарларға, дөңгелек үстелдерге, шеберлік сабақтарына қатысуда.

19 қазанда жас мамандарға арналған «Сабақта білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту» тақырыбындағы мектепшілік іс – тәжірибемен бөлісу семинары өтті.

2022 жылдың 16 қарашасында іс – тәжірибемен бөлісу мақсатында «Заманауи білім берудің әдіс- тәсілдері» тақырыбында оқыту семинары өтті. Семинарға жас мамандар мен басқа да пән мұғалімдері атысты. Семинар барысында бастауыш сынып мұғалімі Кункенова Майкен Назымбекқызы өзінің іс – тәжірибесімен бөлісті, оның ішінде өзі сабақта қолданатын әдіс – тәсілдерді көрсетті.

2023 жылдың 25 қаңтарында іс – тәжірибемен бөлісу мақсатында «Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастырудың тиімді әдіс - тәсілдері» тақырыбында оқыту семинары өтті. Семинарға жас мамандар мен басқа да пән мұғалімдері атысты. Семинар барысында физика пәнінің мұғалімі Асылбек Айнұр және математика пәнінің мұғалімі Дүкенбаева Нұржамал Ергалиқызы өзінің іс – тәжірибесімен бөлісті, оның ішінде өзі сабақта қолданатын әдіс – тәсілдерді көрсетті.

24 ақпанда «Пәнді оқытуда қолданылатын цифрлық технологиялардың тиімділігі» тақырыбындағы мектепшілік іс – тәжірибемен бөлісу семинары өткізілді. Семинарда география пәнінің мұғалімі Ажыхан Е., орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Хужиян А.Н. және дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Сайлаухан Б. Іс – тәжірибелерімен бөлісті.

## **VII. Тәрбие үрдісінің процесін, өткізілген іс –шаралардың сапасын бақылау** **Мектептегі үйірме, секция жұмыстарын бақылау нәтижесі:**

Мектепте 8 үйірме , 6 секция бар.

Үйірмелер

1. «Кербез»-20
2. Жас сарбаз»-23
3. «Жас эколог»-22
4. «Жас әдебиетшілер» -17
5. « English reading club»-8
6. «Жас биолог»-11
7. «АТ-сынып»- 20
8. «Жас физик»-22

Секциялар

1. Тенис -15
2. Волейбол -15
3. Волейбол -17

4. Баскетбол-22

5. Футбол -17

6. Шахки -15

Үйірмелер мен секцияларға күндер белгіленіп, жауапты тұлғалар бекітілді. қушылардың өз білімін жетілдірудің негізгі формасы – үйірме. Оқушылардың өзі қызығатын саласында практикалық жұмыспен айналысатын бірлестік. Егер үйірменің жұмысы қоғамдық пайдалы тапсырмаларды орындаумен, қоршап тұрған өмірмен, өндіріспен байланысты болса нәтижелі болады.

Үйірме арнаулы бағдарлама негізінде бірнеше жарты жылға жасалатын жоспар бойынша жұмыс істейді. Ол үйірме жетекшісінің мектептің мүмкіндіктері мен қажеттіктерін оқушылардың жеке ерекшеліктерін талаптары мен ынталары әзірлік дәрежелерін т.б. ескеріп, нақтылы жұмыс жасауды жеңілдететін бағыт болып табылады. Әрбір үлгі бағдарлама танымдық және теориялық мәліметтердің белгілі түрлерін көздейді.

Секция Мақсаты: 1. оқушыларға, ата-аналарға салауатты өмір салтын сақтаудың қажеттілігін, зиянды заттардың зардаптарын білуге, жақ әдеттерден аулақ болуға үйрену; 2. ой - өрістерін, сана, сезімдерінің, тілдерін, шығармашылықтарын дамыту; 3. адамгершілік пен биік мәдениеттілік қасиеттерді бойына сіңірген жан – жақты, рухани дамыған тұлғаны тәрбиелеу. Міне балалар, біз денсаулық туралы тегін әңгімелеп отырған жоқпыз, бүгінде денсаулығымызды қалай сақтаймыз, не нәрселерден аулақ болуымыз керек, сол жөнінде ой өрбітеміз. Біздің халқымыз «Деннің саулығы –бастың байлығы» - деп тегін айтпаған. халқымыздың денсаулығына өз жолдауында үлкен мән беріп, азаматтардың денсаулығына, қоршаған ортаның таза болуына күш салу қажеттілігін атап айтқан. Ендеше, денсаулықты сақтау өз қолымызда. Денсаулықты сақтау –ен әуелі тазалықты сақтаудан басталады екен. Біздің дінімізде де денсаулығымызды сақтау жолдары туралы айтылады екен.

Мектепте денешынықтыру бөлімі бойынша алты секция үйірмесі жұмыс істейді. Жоспарлық тақырыпқа сай, үйірмелер апта сайын жұмыстарын жалғастыруда. Әр сағатта міндетті түрде ой-сананы дамытып, содан кейін, дене қимылдарына көшеді. Мақсаты ойын барысында, шапшаң ойлауға көмегін береді. Миды ояту мақсатында «Түсің қалған әріштер».

#### **Санитарлық гигиеналық талаптарды сақтау мониторингі**

Мектепте қызметкерлер мен білім алушылардың санитарлық гигиеналық талаптарына ерекше көңіл бөлінуде. Таңғы уақытта мектепке қабылдау кезінде барлық оқушы мен мектеп қызметкерлерінің температурасы өлшеніп, білім алуға, жұмысын жалғастыруға рұқсат беріледі. Сонымен қатар әр оқушының ауасын зарарсыздандыру (кварцтау) және тазалық жұмыстары жүргізіліп отырады.

Оқушылардың санына қарай ауысым мен жұмыс режимі алдын ала анықталып, қауіпсіздікті сақтай отырып, оқу процесі ұйымдастырылу үстінде.

Қоңырауларда, сабақтарды мектеп медбикесі оқушыларды тексеріп, әркез бақылауда ұстайды. Білім алушыларға санитарлық норманы қалай сақтау керектігі туралы, сынып жетекшілер сынып сағатында толық ескерту жұмыстарын жүргізіледі. Масканы дұрыс қолдану, антисептикті дұрыс

пайдалану, ауыз суды үйден алып келу сиякты ережелерді үнемі орындауда, мониторинг жүргізілуде.

2022-2023 оқу жылына жоспарлап құрылып, бекітілді. Сынып жетекшілер сыныптарға бекітіліп, тәрбие жоспарының тұжырымдамасына сәйкес жоспарлар құрылып, бекітілді. Қыркүйек айының басында сынып жетекшілерімен бірге сыныптағы оқушылардың әлеуметтік паспортын әзірлеп, әртүрлі категориялар анықталды. Мектеп бойынша 264 оқушы, оның ішінде көп балалы отбасынан 114 оқушы, аз қамтылған яғни жалпы оқыту қорынан көмек алған 16 оқушы. Туыстарының үйінде сенімхаат арқылы тұрып, оқып жатқан 12 оқушы бар.

### **01 тамыз – 30 қыркүйек аралығында жүргізілген «Мектепке жол» акциясы өтті**

Акция аясында аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан, жетім балалар мен ата – анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауын алдын алу үшін материалдық және басқа да көмек көрсету мақсатында ағымдағы жылдың 1 тамызы мен 30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» дәстүрлі жыл сайынғы республикалық акциясы өткізілді.

Биылғы жылы акция әлеуметтік бағыттағы «Менің таңдауым – балаларға көмек көрсету!» атты ұранмен өтті.

Тамыз айының басынан бастап, тұрмысы төмен, аз қамтылған отбасындағы балаларды анықтау бойынша сынып жетекшілер (карантиннің талабын сақтай отырып) рейд өткізілді. Рейд барысында әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасылар анықталды.

Жаны жомарт, Ауыл тұрғындары Оразов Аерікті түрде өз көмектерін көрсетіп, көмекке мұқтаж отбасылардың балаларына мейлінше көмек қолын созды. Сонымен қатар аудан бойын «Ақжол» партиясының ағына 5 сөмке мен кеңсе тауарлары бірге берілді. «Көп түкірсе, көл демекші» анықталған отбасылардың балаларына барынша көмектер көрсетілді.

Балалардың тамыз есебі алынып, деректер негізінде жоспар құрылды. Мүмкіндігінше қол ұшын беріп, көмектескен адамдар да табылды. Мектепте де ұстаздар тарапынан қолдау көрсетіп, материалдық жағынан төмен отбасыларының балаларына кеңсе тауарларымен көмектесті.

Сонымен қатар сынып жетекшілерде өз сыныбындағы оқушылардың жағдайларымен танысып, мүмкіндігінше өз көмегін берді.

Ата-аналармен бірлесе отырып жұмыс істеп, оқушылардың құжаттарын реттеп жалпы оқыту қорынан көмек алуға мүмкіндік туды. Жалпы оқыту қорынан 22 оқушыға мектеп формасын, спорттық киімдер, сөмке және дәптерлер таратылып берілді. Балалардың оқуына мүмкіндік жасалды. Баламалда да жомартжандар өз қол ұшын беретінін, әркез байланыста болатындарын жеткізді.

Қауіпсіз орта қалыптастыру мақсанда ай сайын бейне камералардың жұмысын бақылау жүргізіледі. Мектепте 15 камера орнатылған. Бейнебақылау жүйесі жарамды, жазу жұмыс режимінде жүргізіледі, ақаулар жоқ, жұмыс күйінде, зақымдану жоқ.

Тексеру нәтижелерінің негізінде комиссия: күніне 1 рет бейнебақылау жүйесін қадағалап, ақауы жоқтығын тексеріп, қадағаланып отыруды шешті.

### **VIII. Материалдық-техникалық базаның нығайтын бақылау**

Мектептің жалпы алаңы – 2,0281га, 3 қабатты ғимарат. Мектептің жалпы ауданы 3256,7м<sup>2</sup>, жұмыс ауданы 1835м<sup>2</sup>. Мектепте 1 спорт залы, 1 спорт алаңы, 120 орындықты асхана, 1 компьютер класы, 1 мультимедиялық кабинет /16+1/, жаңа талапқа сай 6 интербелсенді тақта, 2 шеберхана қызмет көрсету кабинеті, медициналық кабинет, психолог кабинеті, кітапхана, басқа пәндер бойынша 26 оқу кабинеттері бар. Жылыту қазандығы мектептен бөлек орналасқан. Барлық пән кабинеттері құжаттандырылған. Барлық кабинеттерде оқушылардың санына сай қажетті жиһаздар жабдықталған. Мектебімізде 2 жерден WI-FI желісі іске қосылған. Оқушылардың сапалы білім алуы үшін оқу кабинеттері заман талабына сай құрал – жабдықтармен толықтырылуда. Қыздар мен ұлдарға арналған жеке көркем еңбек кабинеттері бар. Қыздарға арналған кабинетте 2 іс машинасы бар. Ұлдарға арналғаш ағаш және ұста шеберханалары бар, бірақ жабдықтары ескі. Мектепте 3 зертхана (химия, информатика, физика) бар. Биология кабинеті толық жабдықталған. Физика зертханасының құрал – жабдықтары 2008 жылы кабинетпен бірге қолданысқа беріліп, 2022 жылдың маусым айында жаңартылды. Әр зертхана кабинеттерінің толқу жаттары бар. Зертхана кабинеттерінің ауданы 18м<sup>2</sup> тең. Сабаққа қажетті құралдар толық. Техникалық қауіпсіздік ережелерінің сақталуы туралы құжаттар бар. Оқушылар нұсқаулықпен танысқан, қолдары қойылған.

Мектемеде информатика, мультимедиялық кабинет, 6 интерактивті тақта және 4 проектор бар. Информатика кабинетінде барлығы -4 компьютер, 16 ноутбук бар. Интернет желісіне барлық компьютерлік техника қосылған.

Мектепшілік бақылау жоспарын жүзеге асыру аясында мектептің оқу кабинеттері тексерілді. Тексеру кезінде оқу кабинеттерінің қызметін бақылау, санитарлық жағдайы және дидактикалық материалдардың толықтырылу жағдайы назарға алынды.

**Мектепшілік бақылауды талдау нәтижесінде келесі мәселелер анықталды:**

- мұғалімдердің қазіргі педагогикалық технологияларды толық меңгермеуі және пайдаланбауы;
- оқушылардың сабақта өзін-өзі танытуы мен танымдық белсенділігін дамыту жұмыстарын жүргізу;
- дарынды оқушылармен жұмысты жақсарту оқушылардың оқуға деген ынтасын жетілдіру;

### **Ұсыныстар:**

1. Әдістемелік бірлестіктерге жұмысты ұйымдастырудың тиімді жолдарын қарастыру;
2. Пәнаралық байланысты құру;
3. Сабақты ұйымдастыру формалары мен әдістерін жетілдіруге көңіл бөлу;
4. Мұғалімдердің өзара сабаққа қатысуын жоспарлау.
5. Әдістемелік бірлестіктер шеңберінде семинарлар өткізу.

6. Сабақты жоспарлау және өткізу кезінде оқу міндеттерін қою мен орындауға ерекше көңіл бөлу.

Осы мәселелер негізінде келесі 2023-2024 оқу жылындағы мектепшілік бақылау міндеттері:

- Білім беру саласындағы заңнамалардың, әртүрлі деңгейдегі білім беру органдарының нормативтік-құқықтық құжаттарының және педагогикалық кеңестер шешімдерінің орындалуын бақылау;
- Білім сапасын арттыру мақсатында сапалы білім беруді бақылау;
- Оқушылардың білім мен тәрбие деңгейін анықтау, сақтау мақсатында жүйелі түрде педагогикалық мониторинг жүргізу;
- Сынып жетекшісінің әдістемелік шеберлігін арттыру.
- Тәлімгерлік жұмысты сапалы жүргізуге жоспар құру.

Мектеп директоры: Назарбекова С.А.

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары: Смаилова С.К.

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Сергазы Ж.



Смаилова С.К.  
Сергазы Ж.